

Ленин түзі

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 212 (8672)

1945 жылғы 27 октябрь Сенбі

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20-тыйын

Дүние жүзіндегі ең демократияшыл сайлау тәртібі

Бүгін «Правда» Одақ Советін және Ұлттар Советін сайлайтын сайлау округтері туралы ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланды.

Одақ Советін сайлайтын 656 сайлау округі, Ұлттар Советін сайлайтын 631 сайлау округі құрылады. Әрбір округтен бір депутат сайланады. Округтердің саны «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ережеге» дәлме-дәл келеді. Одақ Советін сайлайтын сайлау округі 300 мың халқы бар жерді қамтыйды. Ұлттар Советін сайлайтын сайлау округтері: әрбір одақтас республикада 25 округ, әрбір автономиялы республикада 11 округ, әрбір автономиялы облыста 5 округ және әрбір ұлт округінде бір округ есебімен құрылады.

Совет Конституциясының ең маңызды сипаты—ол жасырын дауыс беру жолымен өткізілетін жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосын жариялап ғана қоймай, оның үстіне ССР Одағы әрбір азаматының бұл правосы іс жүзінде пайдалануын қамтамасыз етеді. Советтік демократияның ерекшелігі міне осында. Жоғарғы мемлекеттік өкмет орнын сайлау правосынан, ұлты, нәсілі, жынысы, діні, білім дәрежесі, отырықшылығы, әлеуметтік төгі, әл-ауқат күйі және откендегі ісі қандай болса да, отанымыздың жасы 18ге жеткен азаматтарының бәрі пайдаланады. ССР Одағы Конституциясының: «ССР Одағында барлық өкмет билігі қала мен деревнядағы еңбекшілердікі—бұлардың атынан билік жүргізетін еңбекшілер депутаттарының советтерінікі» дейтін үшінші статьясы міне осы негізде жүзеге асырылады.

Советтік қоғамның моральдық-саяси бір

төтеп берді. Оттың болатты шынықтырған сияқты, соғыс бұл достықты онан сайын шынықтырды Украиндар, белорустар, грузиндер, қазақтар, ұлан байтақ елімізді мекен еткен барлық халықтардың ұлдары ұлы орыс халқының ұлдарымен қол ұстасып, бәріне ортақ Советтік отан үшін соғысты, тылдағылар жанқиярлық пен еңбек етті. Асқан отаншылдықтың, ССР Одағы халықтарының берік достығының алып күшін—жеңісіміздің негізгі тыянақтарының бірі болған бұл күшті олардың соғыс майданы мен еңбек майданындағы ерлік істері айқын көрсетті. Толық және күмәнсіз тең проволылық—бұл достықтың негізі және Советтік Социалистік Республикалардың жеңімпаз қуатты одағын топтастырған ұлы орыс халқына—өздерінің ағасына ССР Одағы барлық халықтарының мейлінше сеніп, отан алтыс айтуының негізі міне осы.

Мұнан 8 жыл бұрын, ССР Одағы Жоғарғы Советінің алғашқы сайлауына 11 одақтас республиканың халықтары қатысты. Бүгін сайлау округтерінің тізімін оқып отырып, онда 16 республиканың аталғанын көреміз. Алғашқы сайлаудан кейін құрылған Карель-Фин, Молдаван, Литван, Латыш және Эстон одақтас республикалары бұл сайлауға қатысқалы отыр. Олардың әрқайсысы Одақ Советіне халқының санына қарай депутаттар сайлайды, ал Ұлттар Советіне басқа одақтас республикалардың бәрімен бірдей 25 депутат сайлайды. Біздің сайлау тәртібіміздің шын демократияшылығына, мұнымен бірге ұлы отанымыздың—Советтік Социалистік республикалардың алып одағының, ол республикалардағы халықтардың достығының, туыскандығының және бір-

Облыстық Совет аткомінде

Солтүстік Қазақстан облысының ауыл-селолық советтері республика- лық социалистік жарысының екінші кезеңінің қорытындылары туралы

Ауыл-селолық советтердің республикалық социалистік жарысы екінші кезеңінің қорытындыларын талқылап, облыстық Совет аткомі, Советтердің социалистік жарыстың барлық шарттарын орындау жөніндегі жұмысының анағұрлым жақсара түскендігін атап көрсетті. 20 ауыл-селолық Совет озаттар қатарына қосылып, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл Тулары алуға лайықты жұмыс істеді. Облыстық Совет аткомі қаулы етті:

1. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл Тулары мен ақшадай сыйлықтар алуға кандидат етіп, мына ауыл-селолық Советтер ауыл-селолық Советтердің Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған республикалық социалистік жарысы жөніндегі үкмет комиссиясына ұсынылсын: Мамлют ауданындағы Воскресеновский селолық советі (председателі Серегин жолдас);

Мамлют ауданындағы Станов селолық советі (председателі Сивидов жолдас);

Соколов ауданындағы Налобин селолық советі (председателі Маслов жолдас);

Соколов ауданындағы Сивков селолық советі (председателі Лаврова жолдас);

Приешім ауданындағы Чириков селолық советі (председателі Прохоров жолдас);

ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлау 4 айдан кемірек уақыт қалды. Қазіргі м сайлау заңымызды--„ССРО Жоғарғы Советі сайлауы туралы ережені“ барлық еңбекшілерге түсіндіру, әрбір сайлаушыға правосы мен міндеттерін түсіндіру. міндетті орындау қала мен деревнядағылық партия ұйымдарының көпшілік арасы жүргізетін саяси жұмысының негізі болу к

ӘРБІР КОЛХОЗ БЕН СОВХОЗ МІМЛЕІ
АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕСІН ТЕЗ А
МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАУҒА ТИІС

Облысымыздың егін даласы (Облыстық жер бөлімінің 25 октябрьдегі мәліметі)

Облыс колхоздарында барлық егіннің 97,4 проценті орылды. ніндегі соңғы бір күнгі өсім 179 гектар болды. Бұл күні Булаев, Соколов аудандарынан басқа бірде-бір ауданның колхоздары егін ор. Колхоздарда орылған егіннің 95,8 проценті майланды. Октяб және Преснов аудандарының колхоздары жай машиналармен орылға лық маяға салды. Ленин ауданында егіннің 95,4 проценті, Мам да 94,3 проценті- Приешім ауданында 93,9 проценті және Булаев 93,3 проценті майланды. Егін майлауда Соколов, Конюхов және Сов ның колхоздары артта қалды.

Облысымызда жай машиналармен және қол орақтармен орылған проценті бастырылды. Петропавл ауданының колхоздары егіннің 87 Соколов ауданының колхоздары 81,6 процентін, Преснов ауданының 78,4 процентін және Приешім ауданының колхоздары 77,7 процент Астық бастыруда әсіресе Конюхов, Ленин, Мамлют және Булаев ау колхоздары артта келеді. Конюхов ауданының колхоздарында егіннің проценті ғана бастырылды.

Облысымызда зябь жырту жоспары 28,6 процент орындалды. 3 жоспарың Пәлудень ауданының колхоздары 46,1 процент, Петропавл колхоздары 34,5 процент және Мамлют ауданының колхоздары 3 орындады. Зябь жырту жұмысын әсіресе, Преснов, Совет, Соколов ж аудандарының колхоздары ойсыраған ол чылыққа ұшыратты. Бұл колхоздарында зябь жырту жұмысы шын мәнінде ұйымдастырылмай ның салдарынан облысымыз бойынша зябь жырту жөніндегі соң өсім 258 гектар ғана болды. Ол алма, соңғы бір күнде Ленин, П Совет аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жырттым

Соколов МТСы коллективінің табысы

Соколов машина-трактор станциясының колхозда «Сталинец» комбай тракторшылары мен комбайншылары Қа- гектар егін жыйнады, ал, Ст зақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы бү- кина жолдас осындай ком кін халықтық социалистік жарысқа қосы гектардай егін жыйнады.

және қолбасшысы Сталин жолдастың төңірегіне бір тұтас соғыс лагері болып топталып, майдан үшін, жеңіс үшін жан қиырлықпен еңбек етті. ССР Одағы Жоғарғы Советінің алғашқы сайлауының қарсаңында В. М. Молотов жолдас: «Ал, егер бейбітшілік бұзылса, егер байлаулы ит шынжырын үзіп, бізге біздің үйге тап берсе, сонда біз бұған не дейміз? Біз онда: жау социалистік қоғамның моральдық және саяси бірлігінің күшін сынап көрсін дейміз!» деді. Жау бұл алып күшімізді сынап көрді. Бұл күш гитлершіл қарақшыларды талқандап, жермен жексен етті, отанымызды және Еуропа мәдениетін фашист сойқаншылардан құтқарды. Отанымызды қорғауға аттанған бүкіл халқымыздың ерлік жорығына жұмысшы табы, шаруалар және интеллигенция бірдей ат салысты. Олар өздерінің барлық күшін, білімін, жігерін отанымызды қорғау жолына жұмсап, адамзаттың тарихындағы ең ұлы және ең даңқты жеңіске жетті. Майдандағы жауынгерлер мен елдегі еңбекшілер—еректер мен әйелдер, қарттар мен жаңа өспірімдер бұл ерлік күресте қол ұстасып күш қосты. Жоғарғы мемлекеттік өкмет орнын сайлауға олардың бәрінің де тең праволы болуы—ең алдымен, социалистік отанымызды, айбынды халқымызды, жеңуші халқымызды мәңгілік даңққа жеткізген асқан отаншылдық ерлік істе, отанымызға шын ниетімен қызмет етуде олардың бірдей тең болуының белгісі.

Советтер Одағына опасыздықпен тап бергенде гитлершіл басқыншылар, алғашқы күшті соққыдан кейін-ақ жұмысшылар мен шаруалар арасында жанжал басталады, советтік қоғам ыдырап, соғыс сындарына төтеп бере алмайды деп дәлелденгені жұртқа мәлім. Фашист ақымактар мен авантюристтерді тұрмыстың өзі қатты келекеледі. Соғыс жылдары жұмысшылар мен шаруалардың одағын, қоғамымыздың бірлігін, тұтастығын әлсіретпегені былай тұрсын, қайта бұрынғысынан да нығайта түсті.

ССР Одағындағы барлық халықтардың теңдігі—советтік демократияның ең айқын және ең маңызды белгілерінің бірі. Ұлттар Советі—жоғарғы мемлекеттік өкмет орнының екінші палатасын сайлайтын сайлау округтерінің құрылуы бұл теңдіктің айқын белгісі. Ұлттар Советін сайлағанда әрбір ұлт басқалармен бірдей праволы болады, әрбір одақтас республика екінші палатаға бір мөлшерде депутат сайлайды. Мұның өзі—ССР Одағы халықтарының мызғымас берік туысқандық достығын орнатқан Ленин—Сталиннің дамышпандық және әділетті ұлт саясатының айқын белгісі.

Жұмысшылар мен шаруалардың одағы сыяқты, халықтардың достығы да соғыс уақытының барлық сындарына аброймен

лады...

Сайлауымыздың жалпыға бірдей болу себебі не? Оның себебі—сөз үкімі бойынша сайлау праволары жойылған адамдардан басқа азаматтардың бәрі сайлауға және сайлануға праволы болады.

Сайлауымыздың тең болу себебі не? Оның себебі—ал-ауқат жөніндегі айырмашылық та (өзірге ішін ара болып отыратан), қай нәсілден және қай ұлттан болуы да ешқандай ардақтылық право бермейді немесе зыян келтірмейді. Әйелдер еректермен бірдей сайлауға да, сайлануға да праволы болады. Біздің сайлауымыз шын мәнінде тең сайлау болады.

Жасырын дауыс берілу себебі не? Оның себебі—біз совет адамдарына өздері кімді тілесе, өздерінің мүдделерін қамтамасыз етуді кімге сеніп тапсырғысы келсе, соны сайлауға толық ерік бергіміз келеді.

Төте болу себебі не? Оның себебі—жоғарғы өкмет орындарына дейін өкілдік мекемелерінің бәрін жер-жерде тікелей сайлау ұлан байтақ еліміздің еңбекшілерінің мүдделерін неғұрлым жақсы қамтамасыз етеді.

Мемлекетіміздің негізгі заңында жарияланған және халықтың ат төбеліндей ардақтылары үшін емес, бүкіл халық үшін демократиялық праволарды жүзеге асырған шын демократия міне осы! Біздің советтік демократиямыздың сайлау тәртібіміздің ерекшелігі және артықшылығы міне осында.

ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауына 4 айдан көмірек уақыт қалды. Қазіргі міндет сайлау заңымызды—«ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ережені» барлық еңбекшілерге түсіндіру, әрбір сайлаушыға оның праволары мен міндеттерін түсіндіру. Бұл міндетті орындау қала мен деревнядағы барлық партия ұйымдарының көпшілік арасында жүргізетін саяси жұмысының негізі болуы керек. Бұл міндетті орындап, сайлау науқанының ойдағыдай өткізілуіне маңызды жағдай туғызатын болуымыз керек. Сайлауға әлі көп уақыт бар деп жайбарақаттанбай, түсінік жұмысын тезінен және неғұрлым кең өрістете жүргізуіміз керек.

Жеңіс даңқына бөленген, большевиктік партия мен совет өкметі төңірегіне, халықтардың ұлы көсемі, дүние жүзіндегі ең демократияшыл Конституцияны жасаушы Сталин жолдастың төңірегіне тығыз топталған еліміз жоғарғы мемлекеттік өкмет орнын сайлауға даярланады. Бұл сайлау советтік демократияның тағы бір ұлы жеңісі және совет отаншылдығының, бүкіл социалистік қоғамымыздың асқан бірлігінің, ынтымағының теңдесі жоқ айқын белгісі болады.

(«Правданың» 17 октябрьдегі басмақаласы).

дас);

Преснов ауданындағы Петровскі селолық советі председателі Ушклов жолдас);

Преснов ауданындағы Островскі селолық советі (председателі Калугин жолдас);

Полудень ауданындағы Ганькин селолық советі (председателі Сборовская жолдас);

Полудень ауданындағы Помудень селолық советі председателі Белова жолдас); Петропавл ауданындағы Петерфельд селолық советі (председателі Буянов жолдас);

Октябрь ауданындағы Ленин ауыл со-

Екі миллион хат тасыған почташы

Андрей Жуковскийді Латвия астанасының мыңдаған адамдары біледі. Ол Ригада 1942-жылдан бері хат тасушы болып істейді. Жуковский жолдас осы уақыттың ішінде екі миллиондай хат тасып, 150

Радио телефон заводының құрлысы

Одессада ССРО электр өнеркәсіп Халық Комиссариаты радио телефон заводының құрлысын бастады. Быйыл бұл завод 500

Жеңіс қорына

ШИЕЛІ. (Қызылорда облысы). Шиелі ауданындағы «Большевик» ауыл шаруашылық артелі жеңіс қорына жоспардан тыс 35 мың центнер ет, көп сүт, май,

бекшілердің жыйылыстары өткізіліп, бұл жыйылыстарда ауыл-селолық Советтердің және олардың депутаттарының есепті баяндамалары тыңдалсын;

в) Октябрь және Ноябрь айларында ауыл-селолық Совет председателдері мен секретарьларының тұрақты комиссиялар атқаратын жұмыстың әдістері мен түрлері және депутаттардың есеп беруі жөніндегі нұсқау кеңестері өткізілсін;

г) Ноябрь айында ауыл-селолық Советтердің сессияларында алынған міндеттемелердің орындалу барысы туралы мәселе, ал, Декабрь айында ауыл-селолық Советтердің социалистік жарысының қорытындылары талқылансын.

мың километрден аса жер жүрді. Қазір ол Рига почтасының таңдаулы стахановшыларының бірінен саналады.

(ТАСС).

(ТАСС).

мың сомның өнімін жасап шығармақ.

жүн және тері-терсек тапсырды. Ауданның басқа колхоздары онан үлгі алуда.

(ҚазТАГ).

ССР ОДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ САЙЛАУЫНА ӘЗІРЛІК

Сайлау Ережесін үйренуде

Петропавлдың Микоян атындағы ет комбинатының үгітшілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік жұмыстарын бастады. Үгітшілер Данилба, Иванова, Ильюшенко жолдастар бірнеше цехта «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережені» үйрену жөнінде жыйылыс өткізді. Үгітшілер Ережені жұмысшыларға оқып, түсіндірді. Күзет бөлімі мен электр станциясының жұмысшылары арасында да сайлау Ережесін үйрену ісі қызу жүргізілуде.

Үгітшілер іске кірісті

Былғары заводының жұмысшылары «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережені» оқып, үйренуге кірісті. Үгітші Штейман жолдас цех жұмысшыларына «Правда» газетінің осы жылы 12 октябрьдегі санындағы «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереже» деген басмақаласын оқып түсіндірді. Үгітшілер Мұкамедиева, Елагина жолдастар да үгіт жұмысын қызу жүргізуде.

Үгітшілердің нұсқау кеңесі

Н. заводында ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күннен-күнге өрістей түсті. Партия ұйымы сайлауға әзірлік кезіндегі үгіт-көпшілік жұмысының жоспарын жасап, бекітті. Заводта үгітшілер тобы толықтырылды. Қазір мұнда 24 үгітші бар.

Завод үгітшілері «ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережені» жете үйренуде. 24 октябрьде цех үгітшілерінің

лары көктемгі егіс кезінде және егін жыйнауға алғай міндеттемені аброймен орындау жолында аябай жұмыс істеп, күнде ілкі жұмыс тапсырмаларын үнемі толық және артығымен орындап отырды. Олардың бұл қажірлі еңбегі өзінің жемісті нәтижелерін берді. Жуырда МТС комбайнмен егін жыйнау жоспарын толық орындап шықты.

Комбайншылар өздеріне алғай міндеттемені аброймен орындаудың игі жақсы үлгілерін көрсетті. Комбайншы Иван Некрасов жолдас Варошилов атындағы

Бірінші парызды орындады

Октябрь ауданындағы «13 жылдық» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері (председателі Досымбеков жолдас) мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, әліміздің астық қорына молайтуға зор үлес қосты. Колхозда мемлекетке 11500 пұт астық тапсырылды.

Колхоздың мемлекет алдындағы бірінші

парызын өтеуіне Жұмағали жин жолдастар басқарған колхоздары зор үлес қосты. Олардың мүшелері дайындауы күндіз-түні бірдей үз отырды. Керуеншілер қазір астықты жоспардан тыс та

Жас керуеншілер сыйлық алды

Ленин ауданындағы «Память Ильича» колхозында Бакина жолдас басқарған керуеншілер бригадасының мүшелері мемлекетке астық тапсыруда стахановша жұмыс істеудің нелер тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Керуеншілер мемлекетке ас-

тық тапсыруға кіріскені дәл на 3400 центнер астық тапхоз басқармасы жас керуенжырлы еңбегін зор бағалап, сыйлықтар берді.

Т. ҚУ

Сайлауға әзірлік ұйымдасқан түрде

Қалалық байланыс мекемесі ұйымы ССР Одағы Жоғарғы сайлауына әзірлік жұмыстарын қан түрде бастады.

Мұнда партия, комсомол жетекшілері Онда алдағы сайлау жөнінде мәселе қаралды. мен комсомол мүшелері үгіт-жұмысын жүргізу үшін учаскелерін анықтады. Сайлау учаскелеріне 32 рінді. Олардың көпшілігі іскерлікпен қаралды.

Комсомол ұйымы үгіт-жұмысшыларды, Бұл топта 11 мүшесі бар. Комсомол мүшесі Ба, Кучулимова, Клишнина жолдастар арасында үгіт-жұмысшы ойдағыдай жүргізуде.

Байланыс мекемесінің қызметінде де едәуір жұмыстар жүргізілуде. Комсомол мүшесі Смирнова жолдас әзірлік кезінде пайдаланылатын іріктеп алды, сайлаушылар беретін орын әзірледі.

М. ХА

Октябрь Социалистік Революциясының 28 жылдығы қарсаңында

Большевиктер партиясы—Ұлы Октябрь Революциясының басшысы

жүзілік бірінші соғыс жылдарымызға сұрапыл апат төнді. Со дандыдағы жеңілушілік, тылдағы ішкі, аштық, жоқшылық—мұның бәрі келген апаттың жан түршігерліктері болды. Ресей бүлінуге, мемтәуелсіздігінен айрылуға, Батыс империализмінің отарына айналуына, Жер және ұлт мәселелерін шеше, империалистік байланысты не, революция жолымен соғыстан шығуына, өкмет туралы мәселені шешуімізді тәуелсіздігінен келген апаттан қорғайтындығы большевиктердің болды.

Мұндағы буржуазиялық-демократиялық революция бұл мәселелердің бірде-біріне шешім бермеді. Өкметті қолға алған қадеттер мен — меньшевиктер негізгі мәселелері жөнінде патша үкісаясатын жүргізе берді. Халық мұндағы әлі де сенуде болды, бірақ оның өзі сан миллион адамдардың қызығуына ие болды. Патшаның қолындағы патшалық жол іздеуге ұмтылды. Патшаның адамдарға алған рет өз тағайындауы жөнінде патша үкісаясатын жүргізе берді. Халық мұндағы әлі де сенуде болды, бірақ оның өзі сан миллион адамдардың қызығуына ие болды.

Патшаның қолындағы патшалық жол іздеуге ұмтылды. Патшаның адамдарға алған рет өз тағайындауы жөнінде патша үкісаясатын жүргізе берді. Халық мұндағы әлі де сенуде болды, бірақ оның өзі сан миллион адамдардың қызығуына ие болды. Патшаның қолындағы патшалық жол іздеуге ұмтылды. Патшаның адамдарға алған рет өз тағайындауы жөнінде патша үкісаясатын жүргізе берді. Халық мұндағы әлі де сенуде болды, бірақ оның өзі сан миллион адамдардың қызығуына ие болды.

Патшаның қолындағы патшалық жол іздеуге ұмтылды. Патшаның адамдарға алған рет өз тағайындауы жөнінде патша үкісаясатын жүргізе берді. Халық мұндағы әлі де сенуде болды, бірақ оның өзі сан миллион адамдардың қызығуына ие болды. Патшаның қолындағы патшалық жол іздеуге ұмтылды. Патшаның адамдарға алған рет өз тағайындауы жөнінде патша үкісаясатын жүргізе берді. Халық мұндағы әлі де сенуде болды, бірақ оның өзі сан миллион адамдардың қызығуына ие болды.

«Правда» әртүрлі атпен шығып тұрды. Ленин мен Сталиннің сөздері, большевиктердің шындық сөздері бұрынғысынан елімізге тарап, күреске шақыруда болды. Большевиктер халыққа соғыстан революция арқылы шығу жолын, нешеме ғасырлық жер мәселесін шешудің бірде-бір дұрыс жолын аштықтай, экономикалық апаттан, шетелдерге кіріштар болудан құтылу жолын ұлт мәселесін шешу жолын көрсетті. Бұл жолға түсу үшін, елдің тағдырын ең революцияшыл тап—пролетариаттың қолына беру керек болды. Совет өкметін орнатып, еліміздің экономикасында батылдықпен ұлы өзгерістер жасау керек болды.

Бірақ, революцияның дамуының алғашқы кезінде советтер өкметін бейбітшілік жолымен орнатуға мүмкіндік болса, июльден кейін «Бүкіл өкмет билігі советтерге берілсін» деген ұранды тек қарулы көтеріліс жасау жолымен ғана жүзеге асыруға тура келді. Июльдің аяқ шенінде Петроградта большевиктер партиясының VI съезі жыйналды. Съезд, елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің ғылымын қорғап қалған Сталиннің теңгерінісін тоқтады. Сталиннің басшылығы арқасында және әл кезде астыртын жүрген Лениннің нұсқауы бойынша партияның VI съезі көтеріліске даярлық жасады.

Корниловтың бүлігі революцияшыл халық бұқарасына үлкен сын болды. Шетел империалистері мен орыс буржуазиясы қалап қойған патша үкметінің генералы Корнилов халықтың қас дұшпандарынан құралған контрреволюцияшыл әскер бөлімдерін топтастырып, оларды Петроградқа аттандырды. Корнилов немістерге майданды ашуды, астананы жауға беруді, советтер мен революцияшыл ұйымдарды талқандауды, большевиктерді өлтіруді, сөйтіп соғыс құмарлардың диктатурасын орнатуды көздеді.

Корнилов бүлігі күндерінде еліміздің барлық партиялары, қоғамның, барлық қаптары қоғамдық күресте өздерінің қандай орын алатынын біржолата белгіледі. Кадет Миллюков, әсер Савинков, меньшевик Войтинский—бұлардың бәрі де Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Корнилов жеңсе не болар еді? Ресей мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздігінен то

жағдай туралы мәселені талқыға салды. Екі қарар—большевиктердің қарары және әсер-меньшевиктердің қарары ұсынылды. Совет большевиктер партиясының саясатын қолдайтын қарарды қабылдады. Бүкіл еліміздегі советтерді большевиктендіру кезеңі басталды.

Революцияға қарсы күштер де қарап жатпады. Корниловшылар Советтерге шабуыл жасау үшін тағы күш жыйнай бастады. Ресейді бөлшектеп сату туралы Антанта мемлекеттерімен сөйлесе отырып, миллюковтар, гучковтар, родзинколар герман империалистерінен көмек сұрауға да арланбады. Сентябрьдің аяқ шенінде газеттерде октябристер партиясының басшысы, атақты миллионер және помещик Родзинконның Петроградты немістерге тапсыру қажет деген мәлімдемесі жарияланды. Орыс буржуазиясының көкжал қасқыры немістер Петроградты алса, Советтер мен большевиктерді талқандайтындығына куанды.

Неміс жауыздар өздері үшін қолайлы болып көрінген бұл жағдайдан тез арада пайдаланбақ болды. Одақтастар флотының әрекетсіздігінен пайдаланып, немістердің соғыс кемелері Петроградқа өтуге тырысты. Большевиктердің шақыруы бойынша Балтық теңізшілері революцияшыл астананы қорғауға аттанды. Дабыл соғылысымен соғыс кемелеріндегі матростар өздерінің орындарына тұрды. Алдыңғы сапта болған «Олег», «Рюрик», «Богатырь» және «Андрей Первозванный» кемелері радио арқылы барлық Балтық теңізшілеріне: «Рига қолтығының теңіз күштері, қымбатты жолдастар, сіздерге сәлемін жолдайды. Табанды болындар, революциямызға қол сұққан сыртқы жаудың шабуылына елсендер де жол бермендер» деді.

Күшінің басымдығынан пайдаланып герман флоты алдыңғы қорғану шебін бұзып өтті. Бірақ Балтық теңізінің кемелері немістерді екінші қатардағы қорғану шебінде тоқтатып, Петроградты сақтап қалды.

Революцияны қорғаған қалың бұқараның шын отаншылдығы, орыс жұмысшылары мен солдаттарына қарсы күресу үшін шетелдіктерді шақырған буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың бояма отаншылдығы, сөйтіп, тіпті Октябрь Революциясынан бұрын-ақ қатысына түсті.

екіге бөлінді. «Солшыл» әсерлер өздерінің саяси негізін сақтауға жанталасып тырысты, бірақ орыс шаруалары оларға ермей, Лениннің нұсқауларын орындайтын іс жүзінде көрсетті. Партия жұмысқан большевик солдаттардың, жұмысшылардың басқаруындағы жер комитеттері помещиктердің жерге иелігін жоюға, помещиктердің жерін революциялық жолмен тартып алуға басшылық етті.

Сөйтіп, Октябрь Революциясының қарсаңында-ақ Ресейдегі буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың бәрі халықтың сенімінен біржолата айрылып, өз мүддесіне қарсы партиялар, халық жауларының партиялары есебінде әшкере-ленді. Февральдан октябрьге дейінгі уақыттың ішінде большевиктерге қарсы партиялардың бәрі әлсіреп, іріп-сіріп, тазғындай берді, бұл партияларды қалың бұқарадан бөлектенді көздеген лениндік-сталиндік тамаша тактика жүзеге асуда болды.

Мұнымен қатар большевиктер партиясы тез өсіп, қуаты арта берді. Қалың бұқаралық саяси армия құрған большевиктер 1917 жылғы октябрьдің қарсаңында істің тағдырын шешетін түйінді жерлерді өздеріне қаратып алды. Петроград пен Москва, Солтүстік және Батыс майдандары, Балтық флоты, Орал мен Донбас. Орталықтың және Оңтүстіктің өнеркәсіпті аудандары көтеріліс туын көтеру үшін тек большевиктік штабтың белгі беруін күтіп тұрды.

Ленин мен Сталин партия мен жұмысшы табын социалистік революция жасауға, қарулы көтеріліс жасауға күшті сеніммен батыл бастады. Партияның Орталық Комитеті көтеріліске басшылық ететін партиялық орталық сайлады. Сталин жолдас бастаған бұл орталық көтеріліске даярлану жұмыстарының бәріне басшылық етті. Ал жау алдында тізе бүгіп, опасыздық жолға түскен, көтеріліске бөгет жасауға тырысқан Каменев, Зиновьев және басқалары аластатып қуылды.

Партиялық орталық әрбір революцияшыл отрядтың атқаратын міндетін, орнын, әрбір ауданның, әрбір большевиктік ұйымның міндетін белгілеп берді. Еліміздің аса маңызды аудандарында больше

Люксембургтағы сайлаудың қорытындылары

ПАРИЖ, 24 октябрь. (ТАСС). Франс Пресс агенттігі Люксембургтағы парламент сайлауының түпкілікті қорытындыларын берді: сайлауда христиан-социалистер (консерваторлар) партиясы соғыстап бұрын парламенттен 25 орын алса, быйыл—24 орын; социалистер партиясы бұрын 18 орын алса, қазір—12 орын;

отаншыл демократтар бұрын бірде-бір орын алмаса, қазір—8 орын; коммунистер бұрын бірде-бір орын алмаса, қазір 5 орын; тәуелсіз демократтар соғыстан бұрынғы 6 орынның орнына, 2 орын алды. Сонымен, коммунистер Люксембург парламентінен тұңғыш рет орын алды.

Англияда порт жұмысшыларының ереуілі

ЛОНДОН, 22 октябрь. (ТАСС). Лондонда порт жұмысшыларының қозғалысына қазірдің өзінде 12 мың адамның қатысын жүргендігін Рейтер агенттігі хабар етті. Англияда барлығы 50 мың порт жұмысшысы ереуіл жасап жүр. Кемелердің жүгін түсіру үшін қосымша 3 мың солдат жіберілді. Сонымен, жүк түсіру жұмысына қатысып жүрген солдаттардың жалпы саны 10 мың адамнан асты.

Ливерпульда ереуіл жасаушы порт жұмысшыларының өкілдері Лондондағы басшылармен бірлесе отырып, порт жұмысшыларының жұмысқа кірісуге келісім беретін шарттарын талқылау үшін бүгін Лондонға келген.

Бүгін таңертең Лондонда ереуіл жасаушы порт жұмысшыларының жыйыны

болды. Жыйында порт жұмысшылары басшыларының бірі Поуэлл сөз сөйледі. Ол егер үкмет порт жұмысшыларының хажеттерін өтеу үшін шара қолданбайтын болса, онда ереуілдің бір айдың ішінде 1926 жылғы көтерілістен «ұлттық дағдарысқа дейін» ұлғайтындығын мәлімдеді.

ЛОНДОН, 24 октябрь. (ТАСС). Англияда порт жұмысшылары ереуілінің әлі де болып жатқандығын Рейтер агенттігі хабар етті. Кәсіпшілер одақтары ұйымдарының кәсіп орындарының иелерімен келіс сөз жүргізуі ешбір нәтиже бермеді. Кеше 4,5 мың солдат кемелердің жүгін түсіруде болды. Лондон портында жүгі түсірілмеген 70 кеме тұр.

Перонның гитлершілдермен байланысы

НЬЮ-ЙОРК, 23 октябрь. ТАСС). «Американың демократияны қорғау кеңесінің» жақын арада баспа сөз өкілдерінің конференциясын ұйымдастырғандығын, онда Аргентинаның қарсылық көрсету қозғалысының көрнекті екі қайраткерінің сөз сөйлегендігін «Дейли Уоркер» газеті хабар етті. Олар Перонның қазіргі уақытта герман фашистерімен кеңесін жүргендігін мәлімдеді. Перонның Чубут провинциясына (Патагонияда) демалысқа жүріп кеткендігі туралы Буэнос-Айрестен алынған ресми хабарды талдап түсіндіре келіп, Аргентиналық қайраткерлер герман помещиктерінің Патагонияда ұлан байтақ жер иеленін отырғандығын және онда орасан көп сома ақшамен келген атышулы гитлершілдердің жасырынып жүргендігін айтты.

Аргентиналықтар олардың семьялары Аргентинада тұрып жатқандықтан өздерінің аты-жөндерін жарияламауды өтінді. Олар Перон Аргентинада өкмет билігін өз қолына алғаннан кейін, армия қатарындағы әскерлер санының үш есе көбейгендігін, ал Буэнос-Айрестегі полицияның қатары 10 мыңнан 30 мың адамға дейін көбейтілгендігін мәлімдеді.

Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Рио-де-Жанейродан берген хабары бойынша, «Ла критика» газетінің шығарушысы Таборда тілшімен әйгімелесе отырып, құпия қару-жарақ шығару жөніндегі жекістіктермен танысу мақсатында гитлершіл қайраткерлермен мәслихаттасу үшін Перон Аргентинаның оңтүстігіне жүріп кетті дегенді айтқан.

Голландия Индиясындағы оқыйғалар

ДЕЛИ, 22 октябрь. (ТАСС). Дели радиосы Юнайтед Пресс агенттігінің Ява аралындағы Голландия Индиясындағы аралдардың бірі) жағдайдың барған сайын шиеленісіп отырғандығы туралы хабарын берді. Доктор Сойкарно бастаған Индонезия үкметінің әскерлері мен Голландия әскерлері арасындағы соқтығысу барған сайын күшеюде. Бұл соқтығыс әс

ресіс аралдың шығыс жақ бөлегінде мықтап орын тепті. САН-ФРАНСИСКО, 22 октябрь. (ТАСС). Алынған хабар бойынша, Индонезияда Голландия басқармасына қарсы көтерілістің Ява аралынан Суматра аралына дейін етек алғандығын Сан-Франциско радиосы хабар етті.

яның бас кезінде басқа партияшыларды тіпті елеуді жауға Милуков, Кизеветтер, Махламашвили, азаматтары бар кадеттер партиясы «салтанатты» профессорлары, буржуазияның «байсал» сөзі, «Русские ведомости» сынды либералшыл газеттер. Ду парламенттік» қайраткерлер — кадеттердің сөзсіз табысты мтамасыз ететіндей көрінді. Іе эсерлер мен меньшевиктердің уағдалық партиялары кадет аңды еріп, олардың дегенін тырды. Эсерлер партиясының гар мен шаруалар есебінен тез штабқаған үлкен ұйымға айнал

арды соғыс аяқталғанға дейін елесін көтермеуге шақырған ешковская, Спиридонова, Авксенов және эсерлердің басқа ы арқайсысы өзінше, нешеме сіргіп, халықты бостандық және я ұрандарымен алдап келді.

виктердің басшылары — Плеханов, Черетели мен Скобелев терді мейлінше күстаналап, ұқтарды рақымсыз жазалауды та Июль күндерінде бұл партиялар та революциялық ереуілге қаты ғы атуға жетекші болып, бүкіл лігін Керенский — Корниловтың, люцияшыл тобының қолына бер

күндерінен кейін «демократия әрікті» Ресейде амалсыздан ішін тыртын күреске көшкен және семдерін үкметтің қанішерлерінен і бірде-бір партия — большевик псы болды.

шын достарының қорғаушыла ім екенін халық барған сайын йле бастады. Большевиктердің ата берді.

ғақтар бұған дәлел.

Тек бір ғана партия корниловшыларға қарсы тыянақтылықпен күресті. Бұл партия Ленин-Сталиннің партиясы болды. Большевиктердің шақыруы бойынша астана жұмысшылары қолдарына қару алды. Петроградтың барлық аудандарында, астананың ең үлкен заводтарында өздері тіленген адамдарды Қызыл гвардияға алу басталды. Қызыл гвардия отрядтарына алынған адамдар қатты тексеріліп алынды: революцияшыл ұйымдардың ұсынуы мен ғана алынатын болды. Винтовка жетіспеді, адамдар күс мылтықтарымен, тіпті балтамен қаруланды. Москва тас жолы бойында Қызыл гвардияшылардың төңізілердің, солдаттардың отрядтары лек-легімен өтіп жатты. Пудков қыркалары маңында елімге бас байлаған, бірақ корниловшыларды Петроградқа қалайла өткіз бегте серт берген революцияның қорғаушылары берік қамал болып тұрды.

Большевиктердің жанқиярлық күресі нәтижесінде ымырашыл партиялар онан сайын қалың бұқарадан қол үзіп, тек өздерімен өздері ғана қалуға айналды. Бұл күндерде Ленин-Сталин партиясы Петроградты құтқарушы, революцияны құтқарушы партия болып майданға шықты. Керенскийдің тіміскіленген тобеттері, Корниловтың жөндегтері соңына түскен большевиктер партиясы ол кезде, нағыз ел билеуші күшке айналды. — жұмысшылар мен солдаттар оның нұсқауларының бәрін екі етпей орындап отырды.

Корниловтың халыққа қарсы қастық әрекеті талқандалды. Революцияшыл қалың бұқараның Корниловқа қарсы күресі із қалдырды. Жүздеген мың адамдарды контрреволюцияға қарсы күреске жұмылдыра отырып, большевиктер жұмысшы және солдат депутаттарының Советтеріне жаңа күш берді, армия мен шаруалар арасында өздерінің беделін күшейтті.

31 августа Петроград советі кезектегі

астына жиналды. Бұрыңғы уақытта революциялық дағдарыстың толғағы жетуге айналды.

7 октябрьде Ленин астыртын Петроградқа келді, ал 10 октябрьде партияның Орталық Комитетінің тарихи мәжілісі өткізілді. Бұл мәжілісте таяудағы күндердің ішінде қарулы көтеріліс бастауға қарар шығарылды.

Бұл кезде большевиктер партиясының күші арта берді. Партияның мүшелерінің саны 6—7 есе көбейді. Капитализмнің қамалдарына тікелей ат қойған қалың бұқараның шабуылына ширек миллион большевиктер басшылық етті. Бүкіл елде большевиктер бастаған қалың бұқаралық революцияшыл ұйымдар құрылды. Фабрика-завод комитеттері, солдат комитеттері, жастар мен әйелдердің ұйымдары, клубтар мен халық үйлері, Қызыл гвардияның отрядтары, жұмысшы милициясының отрядтары, казактар мен теңізшілердің революцияшыл әскер бөлімдері — бұл ұйымдар біріктірген сан миллион адамдар большевиктерге еріп, совет революциясының туы астына жиналды.

Елімізде басқа партиялар да әлі де жұмыс жүргізуде болды, бірақ олардың бәрі де табан тірер тыянағынан айрылып, оқыйғалардың бет алысың өздеріне пайдалы жаққа бұруға дәрменсіз болып қалды.

Кадеттер халық арасындағы беделінің бәрінен айрылды, «кадет» деген сөздің өзі «халық жауы» деген ұғым беретін болды. Меншевиктер қалың бұқарадан айрылып жалғыз қалды, олар советтерге қарсы партиялардың бәрімен бірігуге тырысты, «предпарламент» құруға жетекші болды, келешектегі басқыншылардан көмек сұрап, шетел елшіліктерінің есігін тосалды.

Шаруалар арасында әлі де аздаған беделі бола тұрса да, эсерлердің де табаны өте тұрақсыз болды. Эсерлер партиясы

большевиктік партияның бұл көрнекті қайраткерлерінің бәрі жер-жерде қарулы көтеріліс жасаудың лениндік-сталиндік жоспарын жүзеге асырып отырды.

Большевиктерге жау партиялар большевиктердің бұл саяси қайраткерлеріне қарсы қандай адамдарын қоя алды? Кадеттер, меншевиктер мен эсерлер 8 ай бойына өкмет басында болды, бірақ сол уақыттың ішінде бірде-бір көрнекті мемлекеттік қайраткер, халыққа беделді бірде-бір басшы шығара алмады. Дәруин Керенский, мужик болғансыған Чернов, қояншық Черетели, жолы болмаған Милуков — бұл адамдардың бәрі халыққа қарсы саясаттың бейнесі болып, жұмысшылар мен солдаттарға жеке-жөке көрінді. Большевиктердің халықты көтеріліске шақыруына қарсы болған эсерлер мен меншевиктердің партияларын қалың бұқара тіпті қолдамады.

24 октябрьде Петроградқа көтеріліс басталып, Уақытша үкмет құлатылғаннан кейін бүкіл ел Питер жұмысшылары мен Қызыл гвардияшыларды қолдауға аттанды, халықтың орасан көпшілігі большевиктік партияның тулары астына жиналды.

Жеңімпаз көтеріліс күндерінде ашылған Советтердің екінші съезі Ленин бастаған большевиктік совет үкметін құрды. Сол күннен бастап халқымыз Ресейде мемлекеттік өкмет басына бір партияны — большевиктер партиясын қойды.

Мұнан 28 жыл бұрын большевиктер партиясы Отанымызды апаттан құтқарды. Ұлы Октябрь Социалистік революциясының орті ішінде туған совет системасы Ресейді адамзаттың авангардына, басшысына айналдырды, өз тағдырына өзі ерлік еткен жұмысшылар мен шаруалар қалай істер істей алатынын бүкіл дүние жүзіне көрсетті.

Е. ГОРОДЕЦКИЙ.

отырғандығын Сан-Франциско радиосы хабар етті. Ең алдымен, жапон үкметі полиция қатарын 70 мыңнан 183 мың адамға дейін көбейтпекші. Бұл цифрдың маңызын түсіну үшін, делінген радио ха

Аргентина үкметінде адамдарды қызметке тағайындау

НЬЮ-ЙОРК, 23 октябрь. (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігінің Буэнос-Айрестен берген хабары бойынша, Аргентина президенті Фраррель президенттің орынбасарлығы қызметіне генерал Пистариниді Аргентинаның Берлиндегі соғыс атташесі болған кезде Гитлер оны герман орденімен наградаған болатын.

Пистарини 1909 жылдан бастап, 1911 жылға дейін неміс армиясында қызметте

мың адамға дейін жеткізуге тырысуда. Бұл — олар төртінші әрі үйретілген қарулы адамдардың үлкен ұйымын құрғысы келіп отыр деген сөз.

болды, қару-жарақ сатып алу үшін 1923 жылы Германияға барып келді, ал, 1937—38 жылдары Аргентинаның Берлиндегі соғыс атташесінің қызметінде болды. 1941 жылы ол Аргентинаның техникалық қоғамына бұл қоғамға «өте беделді» (яғни фашистік) ұйым керек екендігін мәлімдеді.

Мұнымен қатар, Фаррель Перонды жақтаушы 4 адамды кабинет қатарына қосқан.

Ағылшын соғыс-теңіз флотының соғыс кезіндегі шығыны

ЛОНДОН, 25 октябрь. (ТАСС). Англияның теңіз министрі Александр теңіз Лигасында сөз сөйлей отырып, ағылшын соғыс-теңіз флотының соғыс кезінде 730 дан

аса кемесінен және өлгені, хабар-ошарсыз кеткені бар 50 мыңнан аса офицері мен матросынан айрылғандығын мәлімдеді.

Ява аралындағы оқыйғалар

САН-ФРАНЦИСКО, 23 октябрь. (ТАСС). Батавиядан (Ява аралының басты қаласы) алынған хабар бойынша, мұнда тыныштық орнағандығын Сан-Франциско радиосы хабар етті, алайда одақтастар эскерлері қаланың көшелерін күзетуде. Ел ішінде көтеріліс әлі болып жатыр. Көтерілісшілердің басшылары Сурабая радиосы арқылы Ява халқына үндеу таратып, оларды көтерілісшілерге келіп қо

сылуға шақырды. Сурабая радиосы қазір көтерілісшілер басшыларының қолында. Сол сияқты, олар Голландияның Батавиядағы өкмет орындарынан олардың қаланы тастап шығуын талап етті. Сойкарно бүкіл Ява көтерілісшілердің қолында тұр деп мәлімдеді. Көтеріліс тез жайылуда. Ол қазір Суматраға да таратылды.

Индонезиядағы жағдай

САЙГОН, 22 октябрь. (ТАСС). Индонезиядағы оңтүстік бөлігіндегі түрлі аудандарда соңғы күндері француз әскерлері мен аннамиттер (жергілікті халық) отрядтары арасында қарулы соқтығысу болғандығын Сайгон радиосы хабар етті.

САН-ФРАНЦИСКО, 24 октябрь. (ТАСС). Сан-Франциско радиосының хабарында былай делінген: Француздың 2-армиясы-

ның бөлімдерін Сайгон (Индонезиядағы басты қаласы) ауданына әкеліп түсіру турлы Сайгондағы француз және ағылшын командованиясы бірлескен мәлімдеме жариялады. Сайгонның кейбір аудандарында аннамиттер ағылшын солдаттарына қарсы шайқасуда. Одақтастар командованиясы артиллерияны ұрысқа шығарды.

Квислингтің атылуы

ОСЛО, 24 октябрь. (ТАСС). Кеше Норвегия королі Квислингтің кешірім беру туралы арызын қабыл алмады. Квислинг

Бүгін таңертең Осло маңындағы Акерсхус теңіз қамалында атып өлтірілді.

Атышулы итальян фашисінің Рим түрмесінен қашып шығуы

РИМ, 21 октябрь. (ТАСС). Бір кезде Фашистердің Оврадағы шпиондық ұйымының бастығы болған полиция генерал-инспекторы Гуидо Летонин Римдегі Реджина Чели түрмесінде тұтқында отырған жерінен 17 октябрьде қашып шыққандығын «Риссординженто Либерале» газеті

хабар етті. Газет хабарына қарағанда, Лето түрмеден әдейі босатылған, сойтіп ол одақтастардың әскери машинасына мініп, дереу зытып отырған.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

УШ 23101.

Солтүстік широтаның 90-градусында мұз даласын зерттеу

Солтүстік теңіз жолы жоғарғы басқармасы бастығының орынбасары Советтер Одағының Батыры И. П. Мазурукпен әңгіме

стік үйек, ұшқышы М. А. Титлов екі моторлы «ССРО М-331» Арктикадағы ұзақ ұшу сапары октябрьде Москваға қайтты. Естік теңіз жолы жоғарғы басқармасының орынбасары Советтер Одағының Батыры И. П. Мазурук ТАСС пісіне мынадай мәлімет берді: неше теңіз арқылы өтетін ұлы өлкі теңіз жолы менгеру үшін бұл мұздардың жайы, су және ауа туралы толық мәлімет керек. Титловқа және оның жолдастарына

жүктелген негізгі міндет осы болатын. Ұшу сапарының жағдайы өте қиын бола тұрса да, бұл тапсырма орындалды. Ұшқыштар 2-3 жылдық мұздардың шек арасын белгілеп, бұл мұздар ағыстың және желдің айдауымен солтүстікке қарай ұзап ығысқанын анықтады. Мұның өзі келешектегі кеме қатынасымыз үшін өте қолайлы жағдай туғызады. Гидролог Соколовтың және штурман Аккуратовтың зерттеу мәліметтері бойынша біздің мұз және ауа райын зерттеу қызметіміз Арктиканың жоғарғы широталарындағы мұз

дың жайын көрсететін алғаш рет карталар жасады. Ұшқыштар жыйнаған басқа мәліметтер де алғаш рет өңделді. Алдағы көктемдегі кеме қатынасы маусымына арнап күн райын алдын-ала болжау үшін бұл мәліметтердің ерекше зор маңызы бар. И. Д. Пананиннің Солтүстік полюске барған экспедициясынан және «Седов» ледоколының ығуынан (1937-1939 жылдар) кейін мұндай зерттеудің алғаш рет жүргізілуінің мәні зор. Мен Солтүстік полюске барған ауа экспедициясына қатыстымын, сондықтан, ол кездегі даярлық

тың қаншама ұзаққа созылғаны есімде. Қазіргі уақытта еліміздің техникасы үздік алға басқандықтан, оншама ұзақ даярланбай-ақ Арктиканың жоғарғы широталарына ұшып баруға мүмкіншілік туы. Ұлы Отан соғысы жылдарында солтүстік теңіз жолы Жоғарғы басқармасының мұз зерттеуге шыққан самолеттері солтүстік широтаның 87 градусына жетті. Қазір М. А. Титлов солтүстік широтаның 90 градусына жетті.